

AQUAJET®

LD-A3



**Ирригатор
полости рта
AQUAJET LD-A3
с принадлежностями**
*Руководство
по эксплуатации*




RUS



UKR

KAZ


1












2







3



4





AQUAJET LD-A3 АУЫЗ ҚУЫСЫ ИРРИГАТОРЫ

Пайдалану жөніндегі басшылық құжат

АСПАПТЫ ПАЙДАЛАНБАС БҰРЫН ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ ОСЫ БАСШЫЛЫҚ ҚҰЖАТТЫ МҰҚИАТ ОҚЫП ШЫҒЫҢЫЗ ЖӘНЕ ОНЫ ӘРІ ҚАРАЙ ПАЙДАЛАНУ ҮШІН САҚТАП ҚОЙЫҢЫЗ.

Қауіпсіздік техникасы туралы ақпарат бұл Пайдалану жөніндегі басшылық құжатта мынандай санаттармен сипатталады:

Сақтандыру

Егер сақталмаса, жарақаттануға және мүліктің бүлінуіне апарып соғуы мүмкін талаптарды көрсетеді.

Тыйым салынған

Аспаппен жұмыс істеген кездегі тыйым салынған әрекеттер мен тәсілдерді көрсетеді.

Маңызды!

Қауіпсіз жұмысты қамтамасыз ету үшін міндетті түрде сақталуға тиіс әрекеттер мен нұсқауларды көрсетеді.

НЕГІЗГІ БӨЛІКТЕРІ

Сурет №	Атауы
1.1	Қондырма
1.2	Қондырғыларды шешу түймешігі
1.3	Режимдерді ауыстырып қосқыш
1.4	Сездіргі
1.5	Түтікшеге арналған ұяшық
1.6	Қуаттау құрылғысын жалғауға арналған ұяшық
2.1	Электрмен қуаттау көзі (ЭК)
2.2	USB-қуаттау құрылғысының ажыратқысы
2.3	USB-электрмен қуаттау бауы істікшесі
2.4	Электрмен қуаттау бауы
2.5	Электрмен қуаттау бауы істікшесі
3.1	Қысқа түтікше
3.2	Қысқа түтікше сүзгісі
3.3	Контейнер
4.1	Ұзын түтікшеге арналған ұяшық
4.2	Коннектор
4.3	Ұзын түтікше
4.4	Ұзын түтікшені ұстаушы
4.5	Ұзын түтікше сүзгісі

 Аспаптың корпусы мен қондырмалар ABS-пластиктен жасалған, контейнер полипропиленнен жасалған. Қондырмалар биосәйкестік сынағынан өткізілген. Бұл материалдарға сезімталдығы жоғары адамдар аспапты абайлап пайдаланғандары жөн.

Ирригатордың шағын көлемі мен аккумуляторлы батареядан жеке қуаттануы оны оны саяхатта және поездда пайдалануға мүмкіндік береді. Аккумуляторлы батареяны электрмен қуаттау (ЭК) көзінен немесе USB-ажыратқысы бар және «Техникалық сипаттамалар» бөлімінде көрсетілген сипаттамаларға сәйкес келетін басқа көзден қуаттауға болады.

АРНАЛУЫ

AQUAJET LD-A3 ауыз қуысы ирригаторы (әрі қарай мәтін бойынша – Ирригатор, Құрылғы, Бұйым) пародонтальды аурулар, гингивит, парадонтит ауруларды емдеу мен болдырмауға, ауыздың шырышты қуысына дәрі-дәрмек сіңіруге, сондай-ақ әртүрлі тіс және тісаралық аппараттарына (тістемді түзету аппараттарын қоса) күтім жасауға арналған.

Аспап судың немесе арнайы ерітіндінің қуатты ағынын ауыз қуысының кез келген жеріне жеткізуді қамтамасыз етеді. Қызылиек пен бүкіл ауыз қуысына массаж жасайды, қан айналымын жақсартады және қызылиектің қанауын тоқтатады. Тіс протездері мен қаптарының күтімін айтарлықтай қамтамасыз етеді, тіс протездері мен қаптарының ауыздың шырышты қуысымен түйісетін әдеттегі құралдар жете алмайтын жерлеріндегі ауру тудырғыш микрофлоралардың асқынуына кедергі жасайды. Тіс тасын, гингивит және көптеген пародонтальды сырқаттарды болдырмайды.

ҚОЛДАНУ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Шырышты ауыз қуысы – адам ағзасының өмірлік маңызды функциялардың қыруар тізбесін орындайтын күрделі органы. Әртүрлі стоматологиялық құрылғылардың, жеткіліксіз гигиеналық күтімнің, әртүрлі сырқаттардың әсерінен ауыз қуысы қан айналымының бұзылуы адам өмірінің маңызды бөлігінің сапасыздығына апарып соғады. Ауыз қуысының жұмсақ тіндеріне ауық-ауық су ағынымен массаждық әсер етіп тұру қалыпты қан айналымын қалыптастырады, сөйтіп, әртүрлі сырқаттарды болдырмауға мүмкіндік береді. Ауыз қуысының қалпына келтірілген қан айналымы шырышты ауыз қуысының табиғи қорғаныс қабілетін, секреттік, сенсорлық, жылуреттегіштік және иммундық функцияларының қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Көпшілік адамдар тіс күтімін тек олардың аппақ болып тұруына қарап бағлайды да қызылиектің амандығына мән бермейді. Алайда, егер тісаралық саңылаулар мен тіс қызылиегі қатпарларын (тіс түптерін) мен қызылиек арасындағы жерлер) тазалап тұрмаса, ол біртіндеп тіс тастарының өсуіне және қызылиектің қабынуына әкеліп соғады.

Қабыну процесінің асқынуына орай қызылиек тіні бактериялардың жақ сүйектерге дейін тереңдей дендеп кетуге мүмкіндік бере отырып, біртіндеп тістен ажырайды, жақ сүйектер құрылымына да бактериялы инфекциялар түседі.

Бактериялардың сүйекті мүжуіне орай қызылиек те мүжіліп бара жатқан сүйек тініне қарай қисая бастайды. Соның салдарынан тістерді ұстап тұратын қызылиек пен жақ сүйектерінің әлсіреуіне орай тістердің білінбей ұзаруы пайда болады да ақыр соңында ол босап түсіп қалады.

Тістер арасындағы саңылау – бұл бактериялар жиналып, өршітін жер.

Бактериялар тіс кіреуексін бұзатын қышқылды өңез түзеді де ол бара-бара тіс пен қызылиектің қабынуына әкеліп соғады. Бактериялар жұмсақ тіс қабында көптеп пайда болады да соның салдарынан тістің эмаль қабығын бұзатын және қызыл иекті қабындыратын қышқыл пайда болады.

Тіс протездерін, қаптарын мен аппараттарын әдеттегідей тазалау қиын болғандықтан олардың түптерінде ауру тудыратын бактериялар жиналады да олар ауыздың шырышты қуысын қабындырады.

Ауыз қуысы гигиенасына арналған ирригаторды балалардың пайдалануы стоматологиялық сырқаттардың болуын азайтуға мүмкіндік береді, ауыз қуысына күтім жасауды жеңілдетеді, ал брекет-жүйелерді пайдаланған кезде ауыз қуысы гигиенасына кететін уақыт бірнеше есе қысқарады. Сондай-ақ әсіресе балалардың тісін мұқият тазалауға шыдамы мен төзімділігі жетпей жатады, ал ирригаторды пайдалану ауыз қуысы гигиенасын ойдағыдай жүргізуге мүмкіндік береді.

Қарсы көрсетімдер:

- Дәрігер ауыз қуысын емдеуді бастамас бұрын бұрын тіс емдеген кезде антибиотиктерді пайдалана отырып (бактериемия), наркозға дайындау қажет етілген-етілмегендігін қарап алуға тиіс.
- Периодонт абсцесі және ауыз қуысында жара бар емделушілерге пайдалануға болмайды.

 **AQUAJETTI ауыз қуысы гигиенасы үшін пайдалану тіс щеткасын толықтай ауыстыра алмайды.**
AQUAJETTI тамақ қалдықтарын шайып, қызыл иекке түпкілікті массаж жасау үшін тамақ ішкеннен кейін пайдаланыңыз, содан кейін тіс щеткасымен жуыңыз.
Пародонтозды зерттеулер деректері көрсеткендей, анық белгілері болмағандықтан тіс тасының пайда болуының алғашқы сатылары көп біліне бермейді. Сырқаттар әдетте асқына бастаған сатыларда білінеді.
AQUAJETTI пайдаланғаннан кейін қызылиектің қанауы – пародонтоздың белгісі, алайда, AQUAJETTI ұзақ уақыт пайдалану ондай симптомды жеңілдетуге және қызылиекті сауықтыруға мүмкіндік береді. Егер қызылиектің қанауы екі апатадан астам уақыт тоқтамаса, тіс дәрігеріне қаралыңыз.

Мүмкіндігі бар тұтынушылар: 2 жастан асқан барлық адамдар.

Функционалды сипаттамалары: аспап судың немесе арнайы ерітіндінің қуатты ағынын ауыз қуысының кез келген жеріне жеткізуді қамтамасыз етеді. Қызылиек пен бүкіл ауыз қуысына массаж жасайды, қан айналымын жақсартады және қызылиектің қанауын тоқтатады. Тіс протездері мен қаптарының күтімін айтарлықтай қамтамасыз етеді, тіс протездері мен қаптарының ауыздың шырышты қуысымен түйісетін әдеттегі құралдар жете алмайтын жерлеріндегі ауру тудырғыш микрофлоралардың асқынуына кедергі жасайды. Тіс тасын болдырмайды.

Ирригатордың шағын көлемі мен аккумуляторлы батареядан жеке қуаттануы оны оны саяхатта және поездда пайдалануға мүмкіндік береді. Аккумуляторлы батареяны электрмен қуаттау (ЭҚ) көзінен немесе USB-ажыратқысы бар және «Техникалық сипаттамалар» бөлімінде көрсетілген сипаттамаларға сәйкес келетін басқа көзден қуаттауға болады.

Балалардың AQUAJET ирригаторын пайдалануы

 Балалардың AQUAJET ирригаторын пайдалануына тек пайдалану жөніндегі басшылық құжатпен мұқият танысқан ересек адамның қадағалауымен ғана рұқсат етіледі

Балалардың AQUAJET ирригаторын пайдалануы тіс сырқаттарының алдын алуға мүмкіндік береді, ауыз қуысы күтімін жеңілдетеді, ал брекет-жүйені алып жүру ауыз қуысы күтіміне жұмсалатын уақытты бірнеше есе қысқартады. Сондай-ақ балалардың тісті мұқият тазалауға төзімі жете бермейді, ал ирригаторды пайдалану ауыз қуысы гигиенасын неғұрлым жақсы тәсілмен сақтауға мүмкіндік береді. Балаларға ирригаторды тіс щеткасын өздігінен пайдалануды үйренген кезден бастап пайдалануға болады. Ирригаторды дұрыс пайдалану ауыз қуысын жарақаттамайтындығына қарамастан, ирригаторды алғаш пайдаланар алдында балалардың тіс дәрігерімен ақылдасып алған дұрыс.

 Аспап жанында сәбилер мен кішкентай балаларды қараусыз қалдыруға болмайды, себебі, олар аспаптың ұсақ бөлшектерін жұтып қою мүмкін.
Жұмыс істеп тұрған немесе ажыратылған аспаптың жанында балалар немесе басқа да қадағалауды қажет ететін адам болғанда жеткілікті бақылау жасаңыз.

ҚАУІПСІЗДІК ТЕХНИКАСЫ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАРДЫ САҚТАУ

Аспапты қауіпсіз пайдалану үшін Пайдалану жөніндегі басшылық құжатты мұқият оқып шығыңыз. Бұл бөлімнің талаптарын орындамаудың пайдаланушыға да, қоршаған ортаға да әртүрлі деңгейде қауіпті әсері болуы мүмкін. Электр аспаптарын әсіресе балалар бар кезде пайдаланғанда әрдайым төменде келтірілген жалпы қауіпсіздік шараларын сақтаңыз.

 Желі бауының ашасына дымқыл қолыңызды тигізбеңіз.
Пайдаланар алдында желі бауының ақауының жоқтығына көз жеткізіп алыңыз. Желі бауының ақауы болса аспапты пайдалануға болмайды.
Аталған аспап ішіне аккумуляторлы батарея орнатылған. Аспапты отқа тастамаңыз, қыздырмаңыз, сондай-ақ оны температурасы жоғары жай ішінде пайдаланбаңыз және қалдырмаңыз.

 Аспапты суға салмаңыз.
Жуынған кезде пайдаланбаңыз.
Суға батырмаңыз және жұмаңыз.
Электрмен қуаттау бауы ыстық және қызған беткі қабаттарға тимеу керек.
Егер аспап жұмыс істемесе, оны өз бетіңізше жөндеймін деп әуре болмаңыз. Арнайы шеберханаға апарып көрсетіңіз.
Қуат көзіне қосылған аспапты қараусыз қалдырмаңыз.
Тек осы аспаппен ғана пайдалануға арналған және осы басшылық құжатта көрсетілген құралдарды ғана пайдаланыңыз. Дайындаушы ұсынбаған құралдарды пайдаланбаңыз.
Аспаптың саңылауларына немесе ирригатор түтікшесіне бөгде зат кіргізбеңіз.
Аспапты тек ауыз қуысы күтіміне ғана пайдаланыңыз. Көзге, мұрынға, өңешке немесе құлаққа бағытталған су ағыны жеңіл жарақат салуы мүмкін.
Аспапқа температурасы 40°C-дан астам суды құймаңыз.
Инфекция жұқпау үшін аспапты үй жануарлары мен жәндіктерден алыста ұстаңыз.
Аспапты балалардың пайдалануына рұқсат етілмейді.
Бұл құрылғыны ЖЖ (жоғары жиілікті) электр жабдығымен бір мезгілде қолдануға болмайды.
Құрылғы бұзылмасын десеңіз, оны бөгеуіл бөлетін күшті электрмагнитті аяларға немесе наносекундтық импульстық бөгеуілдерге жақын жерде пайдаланбаңыз. Мысалы, магниттер, радиотаратқыштар, микротолқынды пештер жанында.
Жылжымалы радиожиілікті коммуникациялық жабдық (антенна кабiлдері мен сыртқы антенналар сияқты шалғай құрылғыларды қоса) ауыз қуысы ирригаторының кез келген бөлігінен, дайындаушы көрсеткен кабiлді қоса, 30 см-ден жақын орналаспауға тиіс.

! Ирригаторды розеткадан ажыратқан кезде әрқашан буынан емес, оның корпусынан ұстаңыз. аспапты пайдаланғаннан кейін контейнерден судың қалдығын төгіп, аспап әбден кебу үшін 2-3 секунд қосып қойыңыз.

Қолданудағы қатерлері

! Бұл аспап физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ес кемістігі бар немесе тиісті білімі мен тәжірибесі жоқ адамдарға пайдалануға арналмаған. Аспапты ондай адамдардың пайдалануына тек оның қауіпсіздігі үшін жауапты және аспаппен жұмыс нұсқаулығын жақсы білетін адамдардың бақылауымен ғана рұқсат етіледі. Балалардың аспаппен ойнауына жол беруге болмайды.

Қарсы көрсетімдер: аспапты өздігінен басқара алмайтын адамдар.

Күтілетін жанама әсерлер: күтілетін жанама әсерлер анықталмаған.

Орнату тәртібі туралы ақпарат және жай жағдайына қойылатын талаптар

! Аспапты моншада, саунада, сусебезгі кабиналарында, сондай-ақ аэрозоль бүркілетін жайларда пайдаланбаңыз. Аспапты суға түсіп кетуі мүмкін жерлерде – ваннада, әжетханада және т.б жерлерде қалдырмаңыз, сақтамаңыз және пайдаланбаңыз.

Аспапты немесе оның бөлшектерін өте жоғары температураның әсеріне ұшырайтын немесе ылдалдылық өзгеріп тұратын жерлерде, мысалы, жазда көлік ішінде немесе тікелей түсетін күн сәулесі астында қалдырмаңыз.

АККУМУЛЯТОРЛЫ БАТАРЕЯЛАРДЫ ҚУАТТАУ

! Аспапта көп рет қайтадан қуаттауға және ұзақ уақыт пайдалануға арналған АБ пайдаланылады. Аспапты бірінші рет пайдаланар алдында оны 4 сағат бойы қуаттап алу керек.

Қуаттау кезінде негізгі блок аздап қызады, бірақ ол ақау болып табылмайды.

АБ-ды 15-35°C шектеріндегі бөлме температурасында қуаттаңыз. АБ-ды төмендеу температурада қуаттаған кезде аспаптың жұмыс уақыты азаюы мүмкін, ал 0°C-дан төмен температурада қуатталмауы мүмкін.

Өндіруші ИП LD-N (жиынтыққа кіреді) пайдалануды ұсынады, алайда, аспап жиынтығындағы электрмен қуаттау бауын пайдаланып, Сіз аспапты кез келген қуат көзінен қуаттай аласыз, егер онда USB-ажыратқы болса. Ұсынылған параметрлерді «Техникалық сипаттамалары» бөлімінен қараңыз.

АБ-ды қуаттау үшін электрмен қуаттау бауының бір ұшын **2.5** аспаптың артқы жағындағы ажыратқыға **1.6**, кіргізіңіз де екінші ұшын **2.3** ирригатордың USB-ажыратқысына **2.2**. сұғыңыз. Ашаны желі розеткасына кіргізіңіз (5 сурет).

Қуаттау үдерісі аспап корпусындағы көк сездіргіде **1.4** бейнеленеді. Аккумуляторлы батарея толық қуатталғаннан кейін сездіргі жасыл түспен жанады.

! Электр қауіпсіздігін сақтау мақсатында аспапты жұмыс істеп тұрған кезде қуаттауға болмайды..

! АБ-ы толық қуатталғаннан кейін аспап ең үлкен қуатпен шамамен 20 минут жұмыс істей алады. АБ-дың қуаты төмен болса, сездіргі сары түспен жанады.

ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ

! Құрамында спирт бар сұйықтарды, тұнбалы сұйықтарды, майлы сұйықтарды, сондай-ақ ирригаторда қолдануға арналмаған басқа да сұйықтарды пайдалану оны ақауландыруға апарып соғуы мүмкін.

! Өндіруші ирригаторда сүзгіден өткен құбыр суын пайдалануды ұсынады.

Жаңа аспаптың ішкі бөліктерінде аспапты сынақтан өткізген кезде пайдаланылған дистильденген судың сарқыны қалуы мүмкін. Ол ақау болып табылмайды және ешқандай қауіп жоқ.

Қондырманы жалғау/шешіп алу

Аспап жиынтығына әртүрлі түстегі белдеулері бар 2 дербес қондырма кіреді (стандартты LD-SA01 қондырмасы).

Қосымша қондырмалар жеке сатып алынуы мүмкін. Бұл аспап үшін тек AQUAJET LD-SA01, AQUAJET LD-SA02 немесе AQUAJET LD-SA05 қондырмаларын ғана сатып алыңыз.

Отбасының әр мүшесі үшін белгілі бір түстегі дербес қондырма таңдаңыз. Тек өзіңіз таңдаған қондырғыны ғана пайдаланыңыз.

Қондырманы аспапқа бағыттағыш қондырма ирригатор тұтқасындағы жырашықпен дәл келетіндей етіп орнатыңыз (6 сурет).

Қондырмаларды шешу үшін қондырмаларды шешу түймешігін басыңыз да қондырманы тартып шығарып алыңыз (7 сурет).

Қондырманы қауіпсіз жалғауға арналған ұсыныстар:

1. Егер қондырма ирригатордан оңай шешілмесе немесе суланғандықтан қолдан тайғанақтаса, құрғақ матаны пайдаланыңыз. Қондырманы жұмсақ құрғақ шүберекпен ораңыз да жалғауды жалғастырыңыз.

2. Қондырманы ирригатордан шешкен кезде оны өз осінен айналдырмай тартыңыз. Қондырманы аналдырсаңыз ол зақымдануы мүмкін.

Ирригаторды жиынтыққа кірген контейнермен немесе су құюға арналған басқа ыдыспен бірге пайдалануға болады.

Ирригаторды жиынтыққа кірген контейнермен бірге пайдалану (сурет 14)

Коннекторды **4.2** шешіңіз. Ол үшін оны **▲** көрсеткі **1** («ашық») қалпына дәл келетіндей етіп сағат тілі бағытына қарай бұрап, төмен қарай тартыңыз (8 сурет).

Қысқа түтікше істікшесін **3.1** аспаптың төменгі бөлігіндегі ұяшыққа **1.5** кіргізіңіз (9 сурет).

Контейнерге MAX белгісіне дейін жылы су толтырыңыз.

Контейнерді аспапқа орнатыңыз (10 сурет) және оны **▲** көрсеткі **1** («жабық») қалпына дәл келетіндей етіп сағат тілі бағытына кері қарай бұраңыз.

Аспап пайдалануға дайын. Толықтай толтырылған контейнердегі сұйық аспап шамамен 40 секунд жұмыс істегеннен кейін таусылады.

! Аспапты сұйықсыз пайдалануға болмайды!

! Егер аспапты пайдалану кезінде контейнерімен бірге тым еңкейтсе, түтікшенің сүзгісі **3.2** судан шығып кетіп, су бармай қалуы мүмкін.

DF Ирригаторды басқа ыдыстармен бірге пайдалану (сурет 15)

Егер контейнердің көлемі Сіз үшін аздық етсе, аспап су құюға арналған басқа ыдысты, мәселен, кәдімгі стақанды пайдалануға мүмкіндік береді.

Ол үшін ұзын түтікшенің істікшесін **4.1** егер коннектор аспапқа жалғанған болса, коннектордың артқы бөлігіндегі ұяшыққа **4.2** (11 сурет) немесе аспаптың төменгі бөлігіндегі ұяшыққа **1.5** кіргізіңіз (9 сурет).

Ұзын түтікшенің **4.3** орауын жазыңыз да түтікше ұстағышын **4.4** түтікше сүзгісі **4.5** ыдыстың түбіне сәл жетпейтіндей етіп, жылы су құйылған ыдысқа кигізіңіз (12 сурет).

Аспап пайдалануға дайын. Үздіксі жұмыс уақыты 10 минуттан аспауға тиіс.

! Бірінші рет пайдаланған кезде контейнерге жылы су құйыңыз да су барлық ішкі қуыстарды толтыру үшін режімдерді ауыстырып қосқышты «●●» қалпына қойыңыз. Контейнердегі су толық сарқылғаннан кейін аспап бірінші пайдалануға дайын болады.

⊘ Контейнердегі сұйықтың температурасы 40°C-дан артық емес екендігіне көз жеткізіп алыңыз. Ыстық сұйықты пайдаланбаңыз, себебі, ауыз қуысы өте сезімтал.

Пайдалану

Раковина үстіне еңкейіңіз. Қондырма ұшын тістеріңізге немесе қызылиегіңізге қарай бағыттаңыз. Су раковинаға ағу үшін аузыңызды аздап ашық ұстаңыз. Қондырманы қызылиектің бойымен тіс-тердің түбіне, сондай-ақ тісарасы саңылауларына қарай көлденең бағыттаңыз. Режімдерді ауыстырып қосқышты **1.3** «●» қалпына (орташа қысым) немесе «●●» (күшті қысым) қалпына жылжытып, аспапты іске қосыңыз. Баяу қозғалтып, 4-5 секунд бойы тісарасы саңылаулары мен қызылиекті тазалаңыз. Содан кейін ағысты қызылиектің бойымен тістердің түбіне қарай бағыттаңыз. Қозғалысты алғашқы тісарасы саңылауларына арналғандағыдай қайталаңыз (16 сурет, пунктир бағыттағыш су ағынының тиетін жерлерін көрсетеді, бүтін сызық – қондырма қозғалысының бағытын).

! Сіз Режімдерді ауыстырып қосқышты «○» қалпына (ажыратылды) жылжытып, су ағынын кез келген уақытта тоқтата аласыз.

Су ағынын тікелей таңдайға қарай бағыттамаңыз, тіс бойымен көлденең ұстауға тырысыңыз.

Мұндай ем-домды барлық тісарасы саңылауларының іш жағынан да, сыртқы жағынан да жасаңыз. Содан кейін дәл сондай ем-домды үстіңгі тіс қатарының іш жағынан да, сыртқы жағынан да жасаңыз (17 сурет). Ауыз қуысында жасар\нды ортопедиялық құрылғылар болса, олардың қызылиекпен, тістермен немесе басқа да тіс аппараттарымен жанасатын жерлерін мұқият жуу керек. Ортопедиялық құрылғылардың жуылатын арналарының ерекшеліктері туралы тіс дәрігерімен кеңесіп алған дұрыс.

! Пайдаланғаннан кейін контейнерді әрдайым судан толықтай босатыңыз. Бұл қалған суда немесе ерітіндіде бактериялар-дың өршуін болдырмайды.

Режимдерді ауыстырып қосқышты **1.3 «O»** қалпына жылжытып, аспапты өшіріңіз, қондырма мен контейнерді және түтікшені шешіп алыңыз. Соның бәрін жылы сумен жуып, құрғақ шүберекпен сүртiңіз. Сақтауға және алып жүруге ыңғайлы болу үшін керек-жарақтардың бәрін аспап жиынтығынан алынған контейнерге салыңыз да оны негізгі блокқа бекітіңіз (13 сурет).

АККУМУЛЯТОРЛЫ БАТАРЕЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Сипаттап жазу: аспап ішінде ұзақ уақыт пайдалануға арналған қайта қуатталатын АБ бар.

АБ-дың жарамдылық мерзімі: дұрыс пайдаланған жағдайда – 3 жыл.

Ұсыныстар: АБ-дың есте сақтап қалуын болдырмау үшін тек толық қуатсызданған АБ-ды ғана қуаттаңыз. Ондайда толық қуаттанған АБ-дың жұмыс уақыты қысқаруы мүмкін. АБ-ды ұзақ уақытқа 70-80% қуаттанған қалпында сақтаған дұрыс.

АБ-ға күтім көрсету: қажет емес.

АБ-ды ауыстыру: қажет болғанда АБ-ды ауыстыру тек арнайы мамандандырылған сервис орталықтарында ғана жүргізіледі. АБ-ды шығарып алу үшін режимдерді ауыстырып қосқыш пен коннекторды шығарып, негізгі блоктың төменгі жағындағы 3 бұраманы бұрап (ысырмалар астындағы), ішкі бөлікті шығарып алу керек.

АБ-дың маркасы мен үлгісі: GP 130AAHV286

КЕПІЛДЕМЕЛІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Бұл аспапқа сатылған күннен бастап 12 ай кепілдемелік мерзім белгіленген. Кепілдемелік міндеттемелер аспап тұтынушыға сатылған сәтте кепілдемелік талонмен ресімделеді. Кепілдік қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың мекенжайлары кепілдемелік талонда көрсетілген.

КҮТІМ ЖАСАУ, САҚТАУ, ЖӨНДЕУ ЖӘНЕ ӨТЕЛГЕ ШЫҒАРУ

1. Аспапты әр пайдаланғаннан кейін тазалап тұру керек.
2. Аспапты тазалар алдында электрмен қуаттау бауын ағытыңыз. Аспапты дымқыл шүберекпен ауық-ауық сүртіп тұрыңыз. Контейнерді, түтікшелер мен қондырманы ыдыс жуу машинасында жууға болады. Аспапты тазалау үшін қатты матаны, түрпілі құралдарды пайдаланбаңыз.
3. Тек сілтісіз жуу құралдарын ғана пайдаланыңыз. Еріткіштерді, бензинді немесе спиртті ешқашан пайдаланбаңыз, себебі, олар жұмыстан ақау шығуға немесе аспап бөлшектерінің бүлінуіне апарып соғуы мүмкін.
4. Аспапты тікелей түсетін күн сәулесінен және соғылудан қорғаңыз.
5. Аспапты жылыту құралдарына және ашық отқа жақын жерде сақтамаңыз.
6. Аспапты кірлетпей ұстаңыз.
7. Аспаптың сілтілі ерітінділермен жанасуына жол бермеңіз.
8. Қажет болған жағдайда аспапты тек мамандандырылған ұйымдарда ғана жөндетіңіз.
9. Компрессордың қызмет мерзімі ол шығарылған күннен бастап 5 жыл. Өндірілген жылы сериялық нөмірінде «SN:A» нышанынан кейін белгіленген. (алғашқы 2 цифр – жыл, екінші 2 цифр – ай). Белгіленген қызмет мерзімі бітерде аспаптың техникалық жағдайын тексертіп алу үшін, ал егер қажет болса оны Сіздің өңірде қолданыстағы ережелерге сәйкес өтелге шығаруды жүзеге асыру үшін аспапты ауық-ауық мамандарға (мамандандырылған жөндеу ұйымдары) көрсетіп тұру қажет. Шығарушы өтелге жіберудің арнайы шарттарын белгілемеген.
10. Аталған аспап никель-металлгидридті АБ-мен жарақталған. Сондықтан АБ-ды өтелге шығарудың Сіздің елде бар болса, ресми қабылдау орнында жүзеге асырылуын қадағалауыңызды өтіне сұраймыз.

! Өндірушінің рұққсатынсыз аспап құрылғысына өзгеріс енгізбеңіз. Аспапқа тек авторландырылған сервис орталықтарында немесе өндірушінің өзінде қызмет көрсетілуі керек.

Пайдаланушы және авторландырылған сервис орталықтары мынандай қызмет көрсету түрлері мен жөндеулерді орындауы мүмкін

Жөндеу және қызмет көрсету	Кім орындайды
Түтікшені ауыстыру	Пайдаланушы
Керек-жарақтарды ауыстыру	Пайдаланушы
Ирригаторды немесе электрмен қуаттау бауын ауыстыру	Пайдаланушы
Күн сайын тазалау мен зарарсыздандыру	Пайдаланушы
Ауыстыру үшін аспапты бөлшеу қажет болатын кез-келген бөлшектерді жөндеу	Авторландырылған сервис орталығы

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Үлгісі	LD-A3
Тұтынатын қуат	5V, 500mA
АБ сыйымдылығы	2x1250 мА/ч
Жарамдылық мерзімі	5 жылдай 3 жылдай* 1000 пайдалану циклі
- ирригаторы	
- АБ	
- қондырмалары	
Су қысымы:	
«●»(орташа) қалпындағы ағынды реттеу	500 кПа-ға жуық (5 кгс/шаршы см)
«●●» (күшті) қалпындағы ағынды реттеу	900 кПа-ға жуық (9 кгс/шаршы см)
Су ағысы жиілігі	1500 импульс/мин.
Үздіксіз пайдаланудың ұсынылатын уақыты	5 минут
Үздіксіз жұмыс істеу үшін автоматты өшіру уақыты	5 минут
Аспаптың салқындауына қажет уақыт	10 минуттан кем емес
Ыдыстағы суды толық пайдалану уақыты	шамамен 40 сек
Жиынтықтылығы	негізгі блок, коннектор, контейнер, LD-SA01 қондырмалары (2 дана.), ұстатқышы бар ұзын түтікше, қысқа түтікше, LD-N064 қуаттау құрылғысы, электрмен қуаттау бауы, пайдалану жөніндегі басшылық құжат, кепілдеме талогы, дербес картон қаптама
Контейнер сыйымдылығы, кем емес	160 мл.
Аспапты пайдалану шарттары:	
қоршаған орта температурасы	10°C-дан 35°C-ға дейін
ылғалдылық	15 - 80% Rh
атмосфералық қысым	86-дан 106 кПа-ға дейін
Аспапты сақтау және тасымалдау шарттары:	
қоршаған орта температурасы	10°C-дан 40°C-ға дейін
ылғалдылық	15 - 95% Rh
атмосфералық қысым	50-ден 106 кПа-ға дейін
Шуыл деңгейі	54 дБ-ден аз**
Ирригаторды қорғау дәрежесі	IPX5
LD-N064 қуаттау құрылғысы (жиынтыққа кіреді)	
Шығардағы кернеу	5 В
Ең жоғарғы жүктеме тогы	500 мА
Номинальды кернеу	100-240 В/ 50/60 Гц
Сыртқы көлемдері	
- ирригатор және контейнер	215 x 50 x 54,5мм
- ирригатор және коннектор	297 x 50 x 54,5мм
Салмағы (қаптамасыз)	350 г
Өндірілген жылы	Өндірілген жылы сериялық нөмірінде «SN:А» нышанынан кейін белгіленген.

* АБ-дың жарамдылық мерзімі аспапты пайдалану және сақтау шарттарына байланысты.

** Little Doctor International (S) Pte. Ltd. өлшеген.

Аспапты өте төмен немесе өте жоғары температурада тасымалдаған жағдайда, оны кемінде 2 сағат бойы бөлме температурасында ұстау керек.

Осы Пайдалану жөніндегі басшылық құжат редакциясының ай-күні оның соңғы бетінде IXXX/YYMM/NN түрінде көрсетілген, ондағы MM – өндірілген ай, YY – жыл, ал NN- редакция нөмірі.

Таңбалардың толық жазылуы:

CE БЕО-тың 93/42/ Директивасына сәйкес



Өтелге шығарған кезде сол уақытта өз өңіріңізде қолданыста болған ережелерді басшылыққа алыңыз.

IPX5 Қорғаныс класы IP



Өндіруші

Маңызды: Нұсқаулықты оқыңыз



Қорғаныс класы III

В түріндегі бұйым



Аспапты пайдалану шарттары:

SN Сериялық нөмір



Сездіргі сигналдарын таратып жазу:

Сездіргі түсі	Мәні
Жасыл	АБ толық қуатталды. Аспап жұмысқа жарамды
Жасыл жыпылықтайды	Аспаптың салқындауына
Сары	АБ-ның қуаты төмен
Көк	АБ-ы қуатталуда

ЖИИ КЕЗДЕСЕТІН АҚАУЛЫҚТАР

Ақаулық	Себеп	Түзету тәсілі
Аспап істемейді	▶ АБ-ның қуаты біткен	▶ АБ-ны қуаттаңыз
Сығымдағыш істеп тұр, бірақ су жүрмейді	▶ Контейнерде су жоқ	▶ Контейнерге су құйыңыз
	▶ Түтікшенің ұшы су деңгейінен жоғары тұр	▶ Түтікшенің ұшы су ішінде болу үшін қосымша су құйыңыз
	▶ Аспап тым еңкейіп кеткендіктен қысқа түтікше су деңгейінен жоғары тұр	▶ Аспапты тым еңкейтпеңіз
Су қысымы өте аз	▶ Түтікше сүзгісі бітеліп қалған	▶ Сүзгіні ағынды сумен жуыңыз
	▶ Ұзын түтікше бұралып қалған	▶ Ұзын түтікшенің бұрауын жазыңыз

Егер Сіз жоғарыда келтірілген ұсыныстарға қарамастан аспаптың дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ете алмасаңыз, оны пайдалануды тоқтатыңыз да оны техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ұйымға апарыңыз (уәкілетті ұйымдардың мекенжайлары мен телефондары кепілдік талонда көрсетілген). Иригаторды өз бетіңізше жөндеуге тырыспаңыз.

Аспаптарды өндіру ISO 13485 халықаралық стандартына сәйкес келеді. Аспап MDD 93/42/EEC Еуропалық директивасына, IEC 601-1-88, IEC 60601-1-2 талаптарына сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасының Денсаулық Сақтау Министрлігі тіркеу куәлігі PK-MT-5N*020546, 26.05.2020.

Сапасы жөніндегі талаптар мен шағымдар ҚР аумағында қабылданады: Қазақстан: 070010, Өскемен қ., Карбышев к., 24, “Казмедимпорт” ЖШС. Тел./факс: 8 (7232) 76-97-97, e-mail: info@kazmedimport.kz, www.kazmedimport.kz

Little Doctor International (S) Pte. Ltd., (7500A BEACH ROAD #11-313 THE PLAZA SINGAPORE 199591 компаниясының бақылауымен және сол компания үшін өндірілген.

Өндіруші: Little Doctor Electronic (Nantong) Co., Ltd., No.8, Tongxing Road Economic & Technical Development Area, 226010 Nantong, Jiangsu, PEOPLE'S REPUBLIC OF CHINA.

Еуропалық Одақтағы өкіл: Little Doctor Europe Sp. z o. o. (57G Zawila Street, 30-390 Krakow, Poland. Phone: +48 12 2684746, 12 2684747, fax: +48 12 26847536 e-mail: biuro@littledoctor.pl)

Егжей-тегжейлі ақпарат: <http://agualet.sg>

ИРРИГАТОРҒА ҚОСЫМША ҚАЖЕТТІ ТЕТІКТЕР*

Ирригатор қондырмасы AQUAJET LD-SA01



- AQUAJET LD-A3, LD-A8 ирригаторымен бірге пайдалануға арналған
- Пластиктен жасалған
- Жеке пайдалануға арналған
- Орамдағы саны – 2 дана.

Ирригатор қондырмасы AQUAJET LD-SA02



- Қол жетпейтін жерлерді тазартуға және таза ұстауға арналған иілгіш ұштығы бар субгингивальды қондырма
- AQUAJET LD-A3, LD-A8 ирригаторымен бірге пайдалануға арналған
- Пластиктен жасалған
- Жеке пайдалануға арналған
- Орамдағы саны – 2 дана.

Ирригатор қондырмасы AQUAJET LD-SA05



- Щеткалы қондырмасы
- AQUAJET LD-A3, LD-A8 ирригаторымен бірге пайдалануға арналған
- Пластиктен жасалған
- Жеке пайдалануға арналған
- Орамдағы саны – 2 дана.

* Жеке сатып алынады.

AQUAJET®

LD-A3

Вы можете скачать Руководство
по эксплуатации по ссылке:
www.littledoctor.sg/manuals



www.AQUAJET.sg
www.LittleDoctor.sg

CE

IPX5

